КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 23 қаңтар № 4360-23-00-2/3356 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
«Azaliio» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Азамат Жолдасұлы Әбләсан

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыппұлын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-3, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының жауапкер «Azaliio» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Азамат Жолдасұлы Әбләсанға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру сұраған талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Azaliio» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Азамат Жолдасұлы Әбләсан мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Azaliio» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Азамат Жолдасұлы Әбләсаннан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «Azaliio» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Азамат Жолдасұлы Әбләсаннан талап қоюшы «Қызылорда электр тарату

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының пайдасына 9 408 (тоғыз мың төрт жүз сегіз) теңге тұрақсыздық айыбы және 282 (екі сексен екі) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Әбілқайысқызы**

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 24.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 05.03.2024, судья Әбілқайысқызы А., 06.03.2024

4360-23-3-1/3587